

Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы (бұдан әрі –Кәсіпорын) –ның қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Атырау қаласы

12.02.-13.03.2026 жыл.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңының 8 бабы, 2-тармағын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығы, Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығының 24.12.2025ж № 241 н/қ «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге жұмыс тобын құру туралы» бұйрығы негізінде Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысымен талдамалық анықтамасы келесі жұмыс тобымен жасақталды.

Ішкі талдау жұмыс тобының құрамы:

Жұмыс тобының жетекшісі: Газизов Байтолла Закарьяұлы директор;

Жұмыс тобының мүшелері:

1. Уразимбетова Арайлым Кайсаровна – комплаенс офицер;
2. Казиханова Сандуғаш Кумарқызы-персоналды басқару қызмет басшысы м.а.;
3. Габдуллина Канзия Хамидуллаевна – ұйымдастыру және әдістемелік бөлімінің басшысы;
4. Абдрахманова Диляра Жиеналиевна - заңгер-кеңесші;
5. Абишев Серик Табылдиевич – мониторинг және бағалау тобының меңгерушісі;
6. Елеубаева Гульфарат Узаккалиевна –эпидемиолог;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу мерзімі:
12.02.2026-13.03.2026ж

Талдау кезеңі: 01.07.2025ж-30.12.2025ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
2. Мүдделер қақтығысын реттеу;
3. Мемлекеттік қызметтер көрсету;
4. Рұқсат беру функцияларын реттеу;
5. Бақылау – тексеру функцияларын іске асыру;
6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
9. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Жұмыс тобының жұмыс жоспарына сәйкес талдау жасалынатын объект – Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы (бұдан әрі –Кәсіпорын).

Талданатын объект туралы мәлімет: Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі-Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнның ұйымдастырушылық – құқытық нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады.

Заңды мекен-жайы: Атырау облысы, Атырау қаласы, Сары Өзек, 1 көше, 16 құрылыс. Почталық индекс: 060011; БСН: 940840000806.

Кәсіпорын Атырау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 09 сәуірдегі № 96 қаулысымен бекітілген *енгізген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес* 2021 жылғы 20.04. № 2802-191НАО-ГП **Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына сәйкес қызмет атқарады.**

Өз құзыреті шегінде Кәсіпорын қызметінің мақсаты облыстағы туберкулезге қарсы қызметінің жұмысын үйлестіретін, медициналық ұйымдар мен халыққа туберкулезге қарсы ұйымдастыру – әдістемелік, практикалық және консультациялық көмек көрсетуді жүзеге асыру, мамандандырылған диагностикалық және емдеу – профилактикалық медициналық көмек көрсетуді жүзеге асырады.

Кәсіпорын директоры: Газизов Байтолла Закарьяевич, Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысы Қ.Абдалиевтың 27.12.2024 жылғы

№ 117 бұйрығы негізінде тағайындалып қызмет атқарады.

Кәсіпорын қызметіндегі нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Тексеру кезеңінде нормативтік – құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттілік пен нормалар анықталған жоқ.

Көрсетілетін мақсатқа қол жеткізу үшін Кәсіпорын төмендегідей қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Халыққа туберкулезге қарсы мамандандырылған медициналық көмек көрсету және оңалту көмегін жүзеге асыру Мемлекеттік лицензия мен оның қосымшаларына сәйкес көрсетеді;
- Стандарттық зерттеулерге негізделген туберкулезді диагностикалау (бактериологиялық: микроскопия, егу әдісі және дәріге сезімталдық тесті (бұдан әрі-ДСТ), клиникалық-рентгенологиялық зерттеулер және 2ТБ Манту туберкулиндік сынамаларды қою, сондай-ақ қосымша әдістер (аспаптық және радиологиялық);
- Медицина қызметерінің тікелей бақылауымен стандарттық және жеке режимдерде науқастарға химиотерапия жүргізу;
- Туберкулездің дәріге сезімтал және дәріге көнбейтін түрімен ауыратын науқастарды емдеу;

- Бейінді мамандарды тарта отырып, қосалқы патологияларды диагностикалау мен емдеу;
- Туберкулезге қарсы препараттарға жанама әсерлері диагностикалау және төмендету мен уақытылы жою жөніндегі іс- шаралар өткізу;
- Тыныс алу жолдары аурулары:

Санитариялық – эпидемиологиялық қызмет саласы мен бірлесе отырып, мыналардың мониторингін жүргізу:

- Жаңа туған нәрсетелерді БЦЖ вакцинациялау, 6 жастағы (1-сынып) балаларға БЦЖ қайта вакцинациялау;
- Жыл сайын туберкулезге міндетті флюорографиялық тексерілуі және «қауіп» тобындағы балаларға 2ТБ туберкулинді Манту сынамасын жасап, флюорографиялық тексеруді жоспарлау;
- Облыстағы белсенді туберкулезбен ауыратын науқастарды диспансерлік бақылау;
- Өңірлік, республикалық және халықаралық форумдарға, съездерге, семинарлар мен конференцияларға, кеңестер мен тренингтерге қатысуды жүзеге асырады;

2. Кәсіпорында персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

1) Персоналды басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығында барлығы 228,0 штат бірлігі қаралған, қамтылуы 100%. Оның ішінде дәрігерлер, орта және буын қызметкерлері, басқа қызметкерлер.

2024 жылмен салыстырғанда 2025 жылда жалпы аурухананың штаттық бірліктер саны 248-ден 228-ге дейін 8,1%-ға қысқарған, себебі басқа қызметкерлердің штаттық бірліктер саны 79,0-ден 57,0-ге дейін 27,8%-ға қысқарған.

Бірақ, 2025 жылы, ауруханада пульмонологиялық және реанимация бөлімшелері ашылуына байланысты, дәрігерлер мен орта буын қызметкерлердің штаттық бірліктер саны өскен, оның ішінде: дәрігерлердің штаттық бірліктер саны 37,0-ден 38,0-ге дейін 2,7%-ға өскен; орта буын қызметкерлердің штаттық бірліктер саны 61,0-ден 63,75-ке дейін 4,5%-ға өскен.

2025 жылы Атырау облысы ДСБ-ның бұйрықтарына сәйкес аурухананың кереуеттік қорына бір неше өзгерістер енгізілді. ДСБ-ның 12.11.2025ж. №438-н/қ бұйрығына сәйкес облыстығы эпидемиологиялық жағдайдың өршуіне байланысты, тұрғындарға медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында пульмонологиялық бейінді кереуеттер саны 45-ке дейін ұлғайтылды.

Бүгінгі күнде аурухана құрылымында 120 кереуетке келесі емдеу бөлімшелер:

- **№1 өкпе-терапия бөлімшесі** - 25 кереует, оның 20-ы туберкулезбен ауыратын ересектерге арналған, 5 балаларға;
- **№2 өкпе-терапия бөлімшесі** - 30 кереует, оның 25-і туберкулездің дәріге төзімді түрімен ауыратын ересектерге, ал 5-і мәжбүрлеп емдеуге арналған;

- **Өкпе-хирургия бөлімшесі** – 20 кереует, оның 5-і туберкулезге қарсы хирургиялық бейінді, 10-ы ересектерге арналған торакальды хирургия кереуеттері; 5-і өкпеден тыс туберкулезбен ауыратын науқастарға арналған (4-і ересектерге және 1-і балаларға);

- **Пульмонология бөлімшесі** - 45 кереует;

- **Реанимациялық бөлімшесі** - пульмонология, торакальды хирургия және туберкулезге қарсы хирургиялық бейінді науқастарға арналған

Кәсіпорын қызметкерлерге 2025 жылдың 2-ші жарты жылдық өткен мерзімінде Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің 64-бабының, 1-бөлімінің, 1-тармақшасына сәйкес талаптарды бұзған тәртіптік жаза жоқ.

Кәсіпорынның қызметінде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға қатысты бұқаралық ақпарат құралдарында теріс мәтіндегі жарияланымдар анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, қылмыстық әрекеттер жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері, қызметкерлер арасындағы жанжал фактілері тіркелмеген. Талданып отырған кезеңде кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тарту фактілері жоқ.

Кәсіпорынның бос лауазымдарына орналасуға үміткерлерді іздестіру интернет-ресурста орналастыру арқылы жүзеге асырылады www.enbek.kz.

Қызметкерлермен Әдеп нормаларының бұзылуы фактілері тіркелген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында Кәсіпорынның Жарғысы, Кәсіпорынның қызметін реттейтін құқықтық актілер іріктеліп талданды.

Кәсіпорын заңгері тұрақты негізде орталықтың бөлімшелердік жұмысында басшылыққа алынатын нормативтік – құқықтық актілерді өзектендіруді жүзеге асырады. Нормативтік құқықтық актілерді жұмыста уақытылы және тиісінше қодану мақсатында жаңадан шығарылған, өзгертілген және күші жойылған актілер туралы ақпарат орталықтың қызметкерлерінің назарына жеткізеді.

Кәсіпорынның қызметін қорзғайтын нормаларды, жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттарды талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын нормалар анықталған жоқ.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу:

Ішкі талдау кезінде мүдделер қақтығысы анықталмады. Талданып отырған кезде даулы жағдайлар фактілері тіркелген жоқ.

Қызметкерлердің жеке істерін тексеру кезінде жақын туыстары, жұбайлары атқаратын лауазымға тікелей бағынысты мемлекеттік лауазымға орналасу фактілері анықталған жоқ. Кәсіпорын қызметкерлері ішкі құқықтық құжаттармен (нұсқаулықтармен, ережелермен және т.б.) таныстырылған.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету;

Мемлекеттік қызмет көрсету қажет емес.

4. Рұқсат беру функцияларын реттеу;

Талдау объектісінің ұйымдастырушылық - басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер:

Азаматтардың өтініштері бойынша:

Талдау кезінде жеке және заңды тұлғалардан түскен барлығы – 15 жолданым тіркелгені анықталды. Шағым- 0, арыз – 11, өзгеде сұрау салулар- 4. Оның ішінде 14 жолданым мемлекеттік органнан, 1 өтініш МИО; 12 жолданым бойынша әкімшілік акт қабылданған, 3 өтініш, сұрау салулар бойынша – оңайлатылған акт қабылдаған.

5. Бақылау – тексеру функцияларын іске асыру бойынша

Мемлекеттік сатып алу бағыты бойынша сыбайас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Тапсырыс беруші тиісті бюджет (даму жоспары) немесе жеке қаржыландыру жоспары бекітілген (нақтыланған) күннен бастап он жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын бекітеді (нақтылайды), - деген талаптары сақталған.

2025 жылғы белгіленген жоспары(мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспары) бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, мемлекеттік сатып алу веб-порталында 2024 жылдың желтоқсан айында орналастырған. (Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алудың 2025 жылға арналған алдын ала жылдық жоспары бекітілген Бұйрық№241 /25.10.2024ж).

Бұдан кейін, Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы ШЖҚ КМК басшысымен 08.01.2025 ж № 38 бұйрықпен Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алудың 2025 жылға арналған жылдық жоспары бекітілген.

Мемлекеттік сатып алу бекітілген жоспарға сәйкес веб портал арқылы бәсекелестік тәсілдермен жүргізіледі. Мемлекеттік сатып алу жоспарында көрсетілген. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес жүзеге асыру тәсілін таңдау. Өткізілген және өткізілетін мемлекеттік сатып алу туралы барлық ақпарат мемлекеттік сатып алу веб- порталында қолжетімді және ашық. Мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімдері сақталады, тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету үшін көзделген мерзімдер «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына сәйкес келеді. Медициналық бұйымдар мен дәрілік заттар бәсекелестік тәсілдермен сатып алынды.

ҚР Мемлекеттік сатып алу Заңына сәйкес, 2025 жылдың 2 –ші жарты жылдықта 01.07.-31.12.2025ж аралығында – 98 келісім шарт жасалды.

Ашық конкурс- 3

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен - 44

Өткізілген сатып алулар бойынша бір көзден - 21

Бір көзден тікелей шарттар жасасу жолымен - 27

Электронды дүкен арқылы- 3

Келісім шарт тауарлар – 40 қызмет көрсету- 15 жұмыс –43

Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттарына сәйкес

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, ҚҚС-сыз (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу- беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен

кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді, - деген талаптары сақталады.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бойынша

2025 жылғы қазан айының жұмыс уақыты табелін ішкі талдау барысында медицина қызметкерлерінің жұмыс және демалыс режимін сақтау талаптарының жүйелі түрде бұзылғаны анықталды.

Анықталған фактілер

1. Саптаякова С.С.

15.10., 17.10., 20.10., 22.10., 28.10., 30.10.2025 жж.

– күндізгі жұмыс уақыты 7 сағат 12 минут,

– түнгі кезекшілік 15 сағат бір тәулікте қатар қойылған.

2. Аймурзаев А., дәрігер

16.10., 21.10., 31.10.2025 жж.

– күндізгі жұмыс 7 сағат 12 минут,

– түнгі кезекшілік 15 сағат бір тәулікте қатар көрсетілген.

3. Максұтов Б., дәрігер

06.10., 14.10., 17.10., 21.10., 23.10., 30.10.2025 жж.

– күндізгі 7 сағат 12 минут және түнгі 15 сағат жұмыс бір күнге белгіленген.

4. Исанов Ұ., анестезиолог дәрігер

01.10., 07.10., 15.10., 22.10.2025 жж.

– күндізгі жұмыс 7 сағат 12 минут,

– түнгі кезекшілік 15 сағат бір тәулікте қатар қойылған.

5. Салыхова А., торакальды хирург дәрігер

03.10., 10.10., 28.10., 31.10.2025 жж.

– күндізгі жұмыс 7 сағат 12 минут,

– түнгі кезекшілік 15 сағат бір тәулікте қатар көрсетілген.

Талдау нәтижесі

Көрсетілген күндерде аталған қызметкерлерге бір тәулікте жалпы жұмыс уақыты 22 сағат 12 минут болып белгіленген.

Бұл:

ауысымдар арасындағы міндетті демалыс уақытының сақталмағанын;

еңбек және демалыс режимі талаптарының бұзылғанын;

табельде жұмыс уақытының негізсіз және шамадан тыс көрсетілгенін білдіреді.

Анықталған фактілер бірнеше қызметкерде және бірнеше күндерде қайталанған, бұл табельді толтыру кезінде жұмыс уақыты есебін жүргізу тәртібінің жүйелі түрде сақталмағанын көрсетеді.

Қорытынды

Табель деректері нақты еңбек режиміне сәйкес келмейді;

Бір тәулікке екі жұмыс режимін (күндізгі және түнгі) қатар қоюға жол берілген;

Бұзушылықтар жүйелі сипатта және ішкі бақылау шараларын қабылдауды талап етеді.

Неге бір тәулікте «күндіз + түн» қоюға болмайды

Бір тәулікте күндізгі жұмыс уақыты (7 сағат 12 минут) және түнгі кезекшіліктің (15 сағат) қатар белгіленуі:

қызметкердің демалыс уақытының сақталмауына әкеледі;

ауысымдар арасындағы қалпына келу уақытының болмауына себеп болады;

жұмыс жүктемесінің шамадан тыс артуына және еңбек қауіпсіздігі тәуекелдерінің өсуіне соқтырады;

табельде жұмыс уақытының нақты еңбек режиміне сәйкес келмеуіне әкеледі.

Бұл жағдай еңбек тәртібін ұйымдастыру кезінде жоспарлау қателігі бар екенін көрсетеді.

Алдын алу бойынша ұсыныстар (алға қарай)

Аталған сағаттар есептеліп, төлем жүргізілгенін ескере отырып, табельге кері түзету енгізу ұсынылмайды.

Осыған байланысты, бұзушылықтардың алдағы уақытта қайталанбауы үшін төмендегідей алдын алу шараларын ұсыну орынды деп есептеледі:

Жұмыс ауысымдарын алдын ала келісу

Күндізгі және түнгі кезекшіліктерді бір тәулікке қатар жоспарламау.

Түнгі кезекшілікті келесі тәулікке бекіту

Егер қызметкер түнгі кезекшілікке тартылса, сол күні күндізгі жұмыс уақыты көрсетілмеуі тиіс.

Бір тәулік – бір жұмыс режимі қағидатын енгізу

Табель толтыру кезінде жауапты тұлғалар үшін міндетті талап ретінде бекіту.

Табельді алдын ала ішкі тексеруден өткізу

Ай жабылар алдында табельді комплаенс / кадр қызметі тарапынан алдын ала қарау.

Жауапты тұлғаларға түсіндіру жүргізу

Табельді толтыру кезінде еңбек және демалыс режимін сақтау талаптары бойынша әдістемелік түсіндіру беру.

Жалпы аптека қызметкерлерінің жұмыс уақыты, табельдеріне ішік талдаумен -7 сағат 12 минут пен 7 сағаттың айырмасы – жұмыс уақыты нормасын есептеу тәсіліне байланысты, бұл «қате» емес, әр бөлімшенің режиміне қарай рұқсат етілетін айырмашылық.

Неге көп бөлімшелерде күндіз 7 сағат 12 минут?

Медицина ұйымдарында (отделение, кабинет, стационар т.б.) көп жағдайда:

5 күндік жұмыс аптасы,

36 сағаттық қысқартылған жұмыс уақыты қолданылады.

$36 \text{ сағат} \div 5 \text{ күн} = 7 \text{ сағат } 12 \text{ минут}$

Сондықтан: дәрігерлер, мейірбикелер, бөлімшелер мен кабинеттер

табельде 7 сағ 12 мин болып дұрыс көрсетіледі.

Аптека табелінде күндізгі жұмыс 7 сағат көрсетілген.

Еңбек шарты бойынша апталық/күндік норма 7 сағат 12 минут (7.12).

Яғни апталық нормативке сәйкес апталық есептеу үшін 7.12 керек, бірақ табельде 7 сағат қана көрсетілген.

Неліктен бұлай болмайды: Техникалық айырмашылық

Табельде 7 сағат деп көрсеткенде, апталық сағат аз есептеледі.

Егер апталық 36 сағат норма болса: $5 \text{ күн} \times 7 = 35 \text{ сағат} \rightarrow 1 \text{ сағат жетпейді.}$

Заңдық талапқа сәйкес келмейді

Еңбек шарты бойынша нақты көрсетілген күндік норма 7.12 сағат, оны табельде көрсету қажет.

Әйтпесе, апталық жұмыс уақыты және төлем есептеу қателікке ұшырайды.

Ішкі талдау тұрғысынан:

Бұл қате тек есептеу мен бухгалтерлік төлемде проблеманы тудырады,

Қызметкердің демалысы немесе қосымша сағаттары дұрыс есептелмейді.

Ұсыныс:

Аптека бөлімшесінің табелінде күндізгі жұмыс уақыты 7 сағат болып көрсетілген, ал еңбек шарты бойынша күндік норма 7 сағат 12 минут (7.12).

Бұл апталық жұмыс уақытының нақты нормативке сәйкес есептелмеуіне әкеледі.

Алдағы уақытта табельді толтырғанда еңбек шарты бойынша күндік норманы (7.12 сағат) көрсету ұсынылады.

ЖҮРГІЗУШІЛЕР ТАБЕЛЬДЕР: қазан айының жұмыс табельдері.

Аяпов Аскар

Водитель аптасына 7 күн жұмыс істейді, 6 күні 12 сағаттан, 1 күні демалыс жоқ сияқты.

Апталық шектеу: 40 сағаттан аспау керек.

$6 \times 12 = 72 \text{ сағат (аптасына)} \rightarrow \text{нормадан асып кеткен.}$

Айына 324 сағат көрсетілген ($12 \text{ сағат} \times 27 \text{ күн?}$) — бұл да өте көп.

Есептеу қадамдары

Апталық норма: 40 сағат.

Табельде: $6 \text{ күн} \times 12 \text{ сағат} = 72 \text{ сағат} / \text{апта.}$

40 сағат шектеуінен 32 сағат артық.

Айлық есеп: $324 \text{ сағат} / 4 \text{ апта} \approx 81 \text{ сағат артық айлық нормадан.}$

Бұл еңбек заңына сәйкес емес (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, 2023 жылғы нұсқасы: 1 аптада 40 сағаттан аспауы керек).

Қорытынды: Бұл дұрыс емес.

Аптасына 72 сағат жұмыс \rightarrow заңға қайшы.

Айына 324 сағат \rightarrow нормативтен асып кеткен.

Неліктен бұлай болмайды:

Демалыс берілуі керек: Еңбек кодексіне сәйкес аптасына кемінде 1 демалыс күні міндетті.

Апталық жұмыс уақыты шектеулі

Водитель үшін 40 сағаттан аспау керек.

Артық сағат төленуі қажет.

Егер қызметкер 40 сағаттан көп жұмыс істесе \rightarrow артық сағат есептелуі тиіс, үстемақы төлеу керек.

Водительлерге аптасына 6 күннен 12 сағаттан жұмыс белгіленген.

Апталық жұмыс уақыты нормативінен (40 сағат) асып кеткендіктен, бұл еңбек заңнамасына сәйкес емес.

Айына көрсетілген 324 сағат нормативтен асады және алдағы уақытта қайталанбауы үшін жұмыс кестесін қайта қарау қажет.

Мысалы: Кабиев К.: қазан айында 2025 жылғы.

5 күн × 12 сағат = 60 сағат

6-шы күн = 6 сағат

Жексенбі (воскресенье) = түнгі 12 сағат

Есептеу:

Кабиев К. апталық жұмыс уақыты

5 × 12 = 60 сағат

6-шы күн = 6 сағат → 60 + 6 = 66 сағат

Жексенбі түнгі 12 сағат → 66 + 12 = 78 сағат аптасына

Құқықтық норма: Апталық жұмыс уақыты 40 сағаттан аспауы керек

Қорытынды: 78 сағат = нормаға қарағанда 38 сағат артық. Бұл заңға толығымен қайшы.

Артық сағаттар төлену немесе ауысымдар қайта жоспарлануы тиіс.

Неліктен бұлай болмайды:

Апталық нормадан асуы → еңбек заңына қайшы.

Демалыс уақыты жоқ → әр қызметкерге кемінде бір күн демалыс берілуі тиіс.

Ұзақ ауысым тәуекелі → 12 сағаттық түнгі + күндізгі жұмыс → қауіпсіздікке, көлік апатына тәуекел тудырады.

Кабиев К. аптасына 5 күн 12 сағат, алтыншы күн 6 сағат және жексенбі түнгі 12 сағат жұмыс істеген.

Бұл апталық жұмыс уақытының нормативінен (40 сағат) 38 сағат артық, еңбек заңнамасына сәйкес емес.

Алдағы уақытта апталық норманы сақтау үшін жұмыс кестесін қайта қарау және демалыс күндерін белгілеу қажет.

Осы тексеру бұзушылықтар водительдердің еңбек табельдерінде орын алғаны анықталды, **Атап айтқанда қараша, желтоқсан айларында, Аянов А – 276 сағат, аптасына 72 сағат, нормадан артық, Қараша айында Хамитов Ф – 300 сағат, Доскалиев Т - 276 сағат қойылғаны анықталды. (желтоқсан айында – АяновА, Доскалиеваке., Хамитовке, Абдигалиевке-324 сағатқа дейін) жұмыс сағаттарының айлық нормадан жүйелі түрде асып тұрғаны) анықталды.**

Бұдан басқа, 2025 ж қараша айында асхана қызметкерлеріне Егер қызметкер кух (рабочий) болып, табельде күніне 12 сағаттан, аптасына 6 күн тұрса, есептейік:

12 сағат × 6 күн = 72 сағат аптасына

Ал Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес:

Қалыпты жұмыс уақыты — аптасына 40 сағаттан аспауы керек.

Егер сменалық жұмыс болса, есептік кезең бойынша орташа 40 сағаттан аспау керек.

12 сағаттық смена болады, бірақ ол кезде график 2/2, 1/3, т.б. болып, норма сақталуы тиіс.

72 сағат аптасына — бұл заңға сай емес, егер: артық жұмыс ретінде рәсімделмесе; қызметкердің жазбаша келісімі болмаса; үстеме ақы төленбесе;

айлық норма сақталмаса. (қызметкердің жазбаша келісімі жоқ).

Мысалы, 2025 жылғы қарашада шамамен 168–176 сағат норма болады (нақты күнтізбеге байланысты).

Сондықтан: Егер табельде шынымен 12 сағаттан 6 күн толық ай бойы тұрса — бұл еңбек заңнамасын бұзу болуы мүмкін.

Сонымен қатар, Хамзина Т — 168 сағат

Егер қараша айында норма шамамен 168 сағат болса, онда: 168 сағат – бұл қалыпты нормаға сай. Ең бастысы — табельде айлық норма 40 сағат/апта орташа сақталған.

Аяпова С — 180 сағат (через день 12 сағат), Через день 12 сағат дегенім — 1 күн жұмыс, 1 күн демалыс жасаған.

Бір айда орташа: 15 смена × 12 сағат = 180 сағат (дұрыс шығады).

Енді заң жағына келсек: Егер айлық норма 168 сағат болса → $180 - 168 = 12$ сағат артық жұмыс

Бұл артық жұмыс болып саналады.

Қызметкердің жазбаша келісімі болуы керек.

Үстеме ақы кемінде 1,5 еселенген төлеммен төленуі тиіс.

Егер үстеме ретінде рәсімделмесе — бұл бұзушылық.

Қысқаша қорытынды:

168 сағат — қалыпты.

180 сағат — норма асып тұр, бірақ заңды болуы мүмкін, егер үстеме дұрыс рәсімделген жағдайда. Үстеме жұмыс жасау үшін, қызметкерлердің келісім жоқ.

Бұдан басқа, реанимация бөлімі қызметкерлерінің қараша айының табельдеріне ішкі талдау жүргізген кезде:

2025 ж. қараша айы – жұмыс уақыты режимін сақтау бойынша

Талдау барысында Елеугалиев А.А. және Исанов Ұ.М. бойынша айлық жұмыс сағаттарының көлемі белгіленген айлық нормадан едәуір жоғары екендігі анықталды.

1. Елеугалиев А.А.

Жалпы жұмыс уақыты – 368 сағат.

Аталған көрсеткіш:

ҚР Еңбек кодексінің 68-бабында көзделген қалыпты жұмыс уақыты нормасымен салыстырғанда едәуір жоғары;

77-бапта белгіленген артық жұмыс шектеулерінің сақталмау тәуекелін көрсетеді;

82-бапқа сәйкес ауысымаралық демалыс режимінің сақталмау ықтималдығын туындатады;

Қоса атқару жағдайында 111-бап талаптарының сақталуына қосымша талдау жүргізуді қажет етеді.

2. Исанов Ұ.М.

Жалпы жұмыс уақыты – 275 сағат.

Бұл көрсеткіш:

ҚР ЕК 68-бабы бойынша белгіленген айлық нормадан жоғары;

77-бап бойынша артық жұмыс лимитінің сақталмау тәуекелін көрсетеді; Кезекшіліктен кейінгі қосымша сағаттарға байланысты 82-бап талаптарының орындалуына қатысты тәуекел бар екенін көрсетеді.

Осы тектес бұзушылықтар: желтоқсан айының табелдерінде жүйелі түрде артық сағаттар қойылғаны анықталды. (жұмыс уақыттарының 270, 279, 288 сағатқа дейін қойылған).

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген талдау нәтижесінде:

Жұмыс уақыты нормасының сақталуына қатысты тәуекел бар;

Артық жұмыс көлемінің заңнамалық шектеулерге сәйкестігін қосымша тексеру қажет;

Ауысымаралық демалыс режимін сақтау бөлігінде тәуекел бар.

Осыған байланысты: Еңбек шарттары мен қосымша келісімдерді,

Ауысымдық графиктердің бекітілуін,

Артық жұмысқа жазбаша келісімдердің болуын,

Демалыс күндерінің нақты берілуін қосымша талдау ұсынылады.

тәуекелдерді азайту және еңбек заңнамасына сәйкестендіру үшін: **ҰСЫНЫС**

Жұмыс уақытының нормасын сақтау:

Меңгеруші мен дәрігер үшін айлық жұмыс сағаттарын есептеуді қайта қарап, қалыпты айлық нормадан аспауын қамтамасыз ету.

Кезекшілік графигін реттеу:

24 сағаттық кезекшіліктерден кейін міндетті демалыс сағаттарын қамтамасыз ету.

Күндізгі және түнгі ауысымдардың аралығын заң талаптарына сәйкестендіру (КР ЕК 82-бап).

Артық жұмыс лимитін бақылау:

Артық жұмыс тәулігіне және жылдық лимитке сай жүргізілуін қамтамасыз ету (КР ЕК 77-бап).

Қосымша жұмыс (совмещение) жазбаша келісім негізінде жүргізілуі тиіс (КР ЕК 111-бап).

Табель мен есептілікті нақтылау:

Барлық жұмыс сағаттарын нақты және айқын көрсету үшін табельдерді қайта қарау, артық немесе қайталанып есептелген сағаттарды түзету.

Қызметкерлерді хабардар ету:

Қызметкерлерге жұмыс уақытын, демалысты және кезекшілік ережелерін ескерту және жазбаша хабардар ету.

Қосымша бақылау:

Еңбек инспекциясы тексерісіне дайындық мақсатында ай сайынғы ішкі бақылау жүргізу, тәуекелдерді уақытылы анықтау.

Жұмыс уақыты режимінің заңнамаға сәйкестігі туралы

2025 жылғы қараша айының табельдік деректеріне жүргізілген талдау барысында бірқатар қызметкерлердің жұмыс уақыты айлық нормадан (168 сағат) едәуір асқаны анықталды.

Анықталған фактілер:

Шығыбаева А., медбике – 297 сағат (түнгі 104 сағат), оның ішінде 20, 22, 24, 26, 28 қараша күндері 24 сағаттық ауысымдар;

Шугайыпова А., медбике – 255 сағат (түнгі 88 сағат);

Сайханова, медбике – 210 сағат (түнгі 64 сағат);

Куангалиева Л., санитарка – 240 сағат (түнгі 80 сағат);

Досниязова А., санитарка – 231 сағат (түнгі 80 сағат);

Хисина Г., санитарка – 216 сағат (түнгі 72 сағат).

Жұмыс кестесі «күн–түн» тәртібімен бекітіліп, табельге сәйкес енгізілген.

Құқықтық негіздеме

1. ҚР Еңбек кодексінің 68-бабы – қалыпты жұмыс уақыты аптасына 40 сағаттан аспауға тиіс.

2. 69-бап – күнделікті жұмыс ұзақтығы еңбек режиміне сәйкес белгіленеді.

3. 77-бап – үстеме жұмысқа тарту тәртібі.

4. 78-бап – үстеме жұмыстың шекті мөлшері жылына 120 сағаттан аспауға тиіс.

5. 71-бап – жиынтық есеп (суммированный учет рабочего времени) енгізілген жағдайда есептік кезең бойынша орташа норма сақталуы қажет.

6. 76-бап – түнгі уақыттағы жұмыс үшін қосымша ақы төлеу міндетті.

7. Жұмыс және демалыс уақыты арасындағы үзіліс – қызметкердің денсаулығын қорғау мақсатында жеткілікті демалыс қамтамасыз етілуі тиіс.

Қорытынды

297 сағат және 255 сағат көрсеткіштері айлық нормадан 87–129 сағатқа артық.

Бұл: Жылдық 120 сағаттық үстеме жұмыс лимитінің бір ай ішінде асып кету тәуекелін;

Орташа апталық жұмыс уақытының 40 сағаттан артық болу ықтималдығын; 24 сағаттық ауысымдардың заң талаптарына сәйкестігіне күмән туындататын жағдайды көрсетеді.

ТӘУЕКЕЛ ДЕҢГЕЙІ: ЖОҒАРЫ

Ықтимал салдарлар:

ҚР ӘҚБтК бойынша әкімшілік жауапкершілік;

Еңбек инспекциясының нұсқамасы;

Қайта есептеу және өтемақы төлеу міндеті;

Қызметкерлердің шағымдану тәуекелі.

ҰСЫНЫСТАР

Жиынтық есеп енгізу туралы бұйрықтың болуын және есептік кезенді тексеру;

Үстеме жұмысқа жазбаша келісімдердің болуын анықтау;

Жылдық 120 сағат лимитіне талдау жүргізу;

Жұмыс кестесін қайта қарау (24 сағаттық ауысымдарды шектеу);

Ішкі нормативтік құжаттарды заң талаптарына сәйкестендіру.

Осы тектес бұзушылықтар: пульмонология бөлімінің қызметкерлерінің яғни: Садыкова-, Укешова, Төлегенова, Искалова, Шаназар, медбикелерге- 234 сағат, түні -72 сағат., және Ажекешова А, Имашева А санитаркалардың-

240 сағат түні 80 сағатпен Жұмыс кестесі «күн–түн» тәртібімен бекітіліп, табельге сәйкес енгізілген.

1-2 ӨТБ Бөлімшесі бойынша:

Жұмыс кестесі «күн–түн» тәртібімен бекітіліп, табельге сәйкес енгізілген.

Коптлеуова А

Мағзумова А

Қоныршыева З

Елекешова Ф

Жакиева О → 240 сағат (түнгі 80 сағат)

Ал: Жұмағалиева Г → 246 сағат (түнгі 88 сағат) деп бекітілген — бұл жүйелі түрде нормадан асу болып отыр.

Қараша нормасы ≈ 168 сағат.

240 сағат → +72 сағат

246 сағат → +78 сағат

Бұл — бір реттік емес, жаппай бекітілген режим.

Құқықтық тәуекел

Егер 24 сағаттық немесе 9/15 сағаттық ауысым кестемен бекітілген болса да:

1. Жиынтық есеп режимі міндетті түрде ресми енгізілуі керек (ҚР ЕК 71-бап).
2. Орташа апталық норма 40 сағаттан аспауға тиіс (68-бап).
3. Үстеме жұмыс жылына 120 сағаттан аспау керек (78-бап).
4. Түнгі жұмыс үшін қосымша ақы төлеу қажет (76-бап).

Маңыздысы

Бұл жерде мәселе табельде емес — жұмыс кестесінің өзі заңға сәйкестігіне байланысты.

Егер 240 сағат жүйелі түрде ай сайын қойылса: 3 айда → 216 сағат артық

Бұл жылдық лимиттен асып кетеді.

✦ қорытындысы: Жұмыс кестесі мен табель деректері сәйкес келгенімен, бірқатар кезекші мейіргерлерге айына 240–246 сағат көлемінде жұмыс уақыты бекітілген. **Бұл айлық нормадан 72–78 сағатқа артық және еңбек заңнамасында белгіленген жұмыс уақыты шектеулерінің сақталмау тәуекелін көрсетеді.**

Жалпы тәуекел деңгейі: **ЖОҒАРЫ (жүйелі сипатта) екені анықталды.**

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ ТАЛАПТАРЫНА ҚОСЫМША ТАЛДАУ

Ұжымдық шартқа сәйкес:

1. Қысқартылған жұмыс уақыты

Ауыр, зиянды және қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер үшін жұмыс уақыты аптасына 36 сағаттан аспауға тиіс (ҚР ЕК 69-бапқа сәйкес).

Аталған санатқа: дәрігерлер, орта және кіші медициналық қызметкерлер, лаборанттар, психологтар жатады.

Нақты жағдай бойынша айлық жұмыс сағаттары 36 сағаттық апта нормасына сәйкес келмеу тәуекелін көрсетеді.

2. Түнгі уақыттағы жұмыс

Ұжымдық шартта:

22:00–06:00 – түнгі уақыт деп көрсетілген;

Түнгі уақыттағы жұмыс кемінде 1,5 еселенген мөлшерде төленуі тиіс (ҚР ЕК 108-бап).

Егер түнгі сағаттар дұрыс есептелмесе немесе төлем 1,5 коэффициентпен жүргізілмесе — төлем тәуекелі бар.

3. Істеме (артық) жұмыс

Ұжымдық шарт және ҚР ЕК 77-бабы бойынша:

Бір күнде 2 сағаттан аспауға тиіс;

Зиянды жұмыстарда — 1 сағаттан аспауға тиіс;

Төлемі кемінде 1,5 еселенген мөлшерде жүргізіледі.

Нақты жағдайда:

24 сағаттық кезекшіліктер;

Кезекшіліктен кейін қосымша сағаттар;

Айлық нормадан айтарлықтай асу үстеме жұмыс уақыты лимитінің сақталмау тәуекелін туындатады.

ЖАЛПЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

✓ Қысқартылған жұмыс уақыты режимінің нақты сақталмау тәуекелі;

✓ Істеме жұмыс лимитінің сақталмау тәуекелі;

✓ Түнгі уақыттағы жұмыс үшін төлемнің толық және дұрыс есептелмеу тәуекелі;

✓ Ұжымдық шарт талаптары мен нақты жұмыс кестесінің сәйкессіздік тәуекелі.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Жүргізілген талдау нәтижесінде ұжымдық шартта белгіленген қысқартылған жұмыс уақыты, үстеме жұмыс шектеулері және түнгі уақыттағы жұмысқа ақы төлеу талаптарының нақты қолданылуына қатысты тәуекел аймағы бар екендігі анықталды. Қосымша құжаттық және есептік тексеру жүргізу ұсынылады.

Кәсіпорынның ұжымдық шарттың 8-бөліміне сәйкес:

Жұмыс уақыты және демалыс уақыты еңбек заңнамасына және ішкі еңбек тәртібі қағидаларына сәйкес реттеледі;

Ауысымдық жұмыс кезінде демалыс күндері ауысым кестесіне сәйкес белгіленеді;

Ауысым кестесі басшылықпен жасақталып, кәсіподақ комитетімен келісіліп, қызметкерлерге кемінде бір ай бұрын таныстырылып бекітілуі тиіс;

Ауысымдағы жұмыс уақыты нормаланған жұмыс уақытының ұзақтығынан аспауға тиіс;

Есептік кезеңдегі жұмыс уақытының жиынтығы белгіленген нормаға сәйкес болуы қажет;

Дәрігерлер мен медициналық персонал үшін қысқартылған жұмыс уақыты – аптасына 36 сағаттан аспауға тиіс;

Үстеме жұмыс уақыты тәулігіне белгіленген лимиттен аспауға тиіс;

Түнгі уақыттағы жұмысқа ақы төлеу 1,5 еселенген мөлшерде жүргізіледі.

Нақты жағдайды талдау- Қараша, желтоқсан 2025 ж. жұмыс уақыты есебі бойынша:

Елеугалиев А.А. – 368 сағат;

Исанов Ұ.М. – 275, 288 сағат.

Аталған көрсеткіштер: 36 сағаттық жұмыс аптасына сәйкес келу-келмеуіне қатысты;

Ауысымдық кесте бойынша есептік кезең нормасының сақталуына қатысты;

Істеме жұмыс лимиттерінің сақталуына қатысты;

Түнгі уақыттағы төлемнің дұрыс есептелуіне қатысты тәуекел бар екенін көрсетеді.

Енді нақты сағаттарды салыстырып, сәйкессіздікті көрсету үшін есептейік:

1. Норма бойынша: Дәрігерлер мен орта медициналық персонал: аптасына 36 сағат

Қараша, желтоқсан айында шамамен 4,3 апта бар → $36 \times 4,3 \approx 155$ сағат

Бұл – нормативтік айлық жұмыс сағаты.

2. Нақты жұмыс сағаттары мысалы: Елеугалиев А.А. – 368 сағат

Исанов Ұ.М. – 275,288 сағат

3. Сәйкессіздікті есептеу

Қызметкер Айлық норма (сағ)

Нақты сағаты 155

Артық сағат (тәуекел) 368

368 – 155 = 213

Исанов Ұ.М. 275 – 155 = 120

Көріп отырғанымыздай, екеуінің де жұмыс сағаттары нормативтен едәуір асып отыр.

4. Қорытынды формулировка (8-бөлімге сәйкес)

Елеугалиев А.А. және Исанов Ұ.М. нақты жұмыс сағаттары ұжымдық шартта белгіленген нормадан асып кеткен.

Ауысым кестесі, есептік кезең және үстеме жұмыс лимиттері бойынша тәуекел бар.

Түнгі уақыттағы сағаттардың дұрыс төленуі және суммированный учет ресми рәсімделгендігі тексерілмеген жағдайда тәуекел күшейеді.

Сонымен қатар, қызметкерлердің ауысымдық жұмыс кестесі белгіленген нормаларға сәйкес толық сақталмаған. Табельдерінде түнгі уақыт (22:00-06:00) бөлек көрсетілмеген. Жұмыс уақытының жиынтық есебі толық қолданылмаған. Жекелеген қызметкерлерде нормадан тыс жұмыс сағаттарының қалыптасу жағдайлары анықталды.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

Жарғыға сәйкес, кәсіпорынның қызметі даму жоспарына сәйкес өз табысы есебінен және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерді сатып алу шарты бойынша қаржыландырылады.

Орталықта ұйымдық – басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және нормативті- құқықтық актілерді қолдану барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталмады.

Орталықта нормативтік – құқықтық актілер уақытылы жаңартылады және Кәсіпорын сайтында өзектендіріледі, және өзгерістер енгізу туралы мәліметтер қызметкерлердің назарына жеткізіледі. АОФО Кәсіпорын әлеуметтік желілерінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» ҚРЗаңы, Заңдылықты бұзу фактілері немесе ықпал бұзушылықтар туралы хабардар ету нұсқаулығы;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимыл жөніндегі нұсқаулық;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;

Корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі;

Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясат;

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ережелер орналастырылған.

2025 жылдың басында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс –қимыл агенттігінен келген (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) № 4 Үлгілік базалық бағытының 2025 жылға арналған Жобалар картасындағы квазимемлекеттік субъектілеріне қатысты 6 нұсқаулық бекітілді. Жыл сайын жаңартылып отырады.

7. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бойынша:

Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығында келесі медициналық ақпараттық жүйелер қолдануда:

- Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі
- Емдеуге жатқызу бюросы
- Туберкулез науқастарының ұлттық тіркелімі
- Ресурстарды басқару жүйесі
- Кешенді медициналық ақпараттық жүйесі "Datumed".

9. Талдау обектісінің ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы ШЖҚ КМК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды ұйымдастыру туралы 24.12.2025ж № 241 н/к бұйрығына сәйкес іс-шараларды орындау бағытында:

10.07.2025 жылы – семинар –кеңес.

05.08.2025.жылы- Ондайн Вебинар.

13.09.2025жылы-ZOOM семинар онлайн.

14.10.2025жылы – қызметкерлермен семинар-кеңес.

04.11.2025-26.12.2025 жылы –қызметкерлермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» және Кәсіпорында тоқсан сайын «Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын –алу шаралары туралы» семинар.

Сонымен қатар, Кәсіпорынның азық түлік тағам тарату орнына әкелінетін тағам өнімдерінің сапасына, яғни санитариялық – эпидемиологиялық талаптарға сәйкестігіне зерделеу жұмыстар жүргізілді. Бұзушылықтар анықталған жоқ.

Кәсіпорнында қауіпсіздік деңгейін көтеру және оның ішінде тәртіп, құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында қауіпсіздік қызметін құру және ішкі тәртіп бойынша бейнебақылау камералары орнатылған.

Мемлекеттік сатып алу саласында заңды тұлғалармен уақытылы келісім шарт жасалып, шарттарды уақытылы орындамаған әлеуетті өнім берушілерді іс материалдары сотқа мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тану туралы азаматтық тәртіппен талап арыздар берілуде. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Есеп бөлімінде қызметкерлердің еңбек ақылары уақытылы төленуде. Өнім берушілердің жеткізілген тауарларға, медициналық бұйымдарға, көрсетілген қызметтер үшін жіберілген есеп шот қағаздары, актілер негізінде уақытылы төленуде.

ШЕШІМ:

Кәсіпорын қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысымен жұмыс тобы сыбайлас жемқорлыққа әкелетін жағдайлар мен себептердің алдын ауда және болдырмауда келесіні **ҰСЫНАДЫ:**

- 1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын сақтау жөніндегі жұмысты жүргізу үнемі.
- 2) Жүргізілген ішкі талдау нәтижелері негізінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және оларды болдырмау мақсатында төмендегі шараларды қабылдау ұсынылады:
- 3) Ұйым қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін бағыттар бойынша тұрақты түрде ішкі мониторинг жүргізу.
- 4) Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын түсіндіру мақсатында семинарлар, түсіндіру кездесулері мен оқыту іс-шараларын тұрақты ұйымдастыру.
- 5) Ұйымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына, әдеп кодексіне және ішкі нормативтік құжаттарына талдау жүргізіп, қажет болған жағдайда толықтырулар мен өзгерістер енгізу.
- 6) Қызметкерлер арасында мүдделер қақтығысын анықтау және оны реттеу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ мүдделер қақтығысының алдын алу шараларын күшейту.

- 7) Ұйым қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында ресми ақпарат көздерінде (сайт, ақпараттық стендтер және т.б.) қажетті ақпараттарды уақтылы жариялап отыру.
- 8) Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары туралы хабарлау арналарының (сенім жәшігі, сенім телефоны, электрондық пошта) тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.
- 9) Қаржылық операциялар, мемлекеттік сатып алу және кадрлық рәсімдер кезінде ішкі бақылау тетіктерін күшейту.
- 10) Қызметкерлерге сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары үшін заңнамада көзделген жауапкершілік шаралары туралы тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Жұмыс тобының жетекшісі:

Б.З.Газизов

Жұмыс тобының мүшелері:

А.К.Уразимбетова

С.К.Казиханова

К.Х.Габдуллина

Д.Ж.Абдрахманова

С.Т.Абишев

Г.У.Елеубаева

**Атырау облыстық
фтизиопульмонология
орталығының басшысы
Б.Газизовке**

**Комплаенс офицер
А.Уразимбетовадан**

2025 жылдың 2-ші жарты жылдығына «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау» жүргізілуіне сәйкес, кейбір анықталған тәуекелдерді таныстыру үшін жолданады.

Сонымен қатар, ішкі талдау аяқтау мерзімі 12 наурыз 2026 жыл.

Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы, сатып алу жоспарын, тендерлік үдерістердің есептілігі, салыстыру және тиімділік талдау, құжаттар мен бақылау, аналитикамен есепберу, ризиктерді бағалаулар бойынша және кадрлық ауысымдар, іс құжаттарына, жұмыстар бойынша келісім шарттарға, ішкі талдау жүргізіліп басталды. Қорытындысымен талдамалық анықтамаға енгізіп басшылыққа ұсынылатыны қаперіңізге беріледі.

А.Уразимбетова

